

Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбек ақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту


Мемлекеттің басты байлығы – халық. Мемлекетті нығайтып, тұрғындардың жарқын болшағына берік сенімін қалау ең алдымен халықтың тұрмыс – тіршілігін, әл – ауқатын көтеруден басталады. Халықтың аузынан жырып жиналған, ел иғлігіне жұмсалмаған мемлекет қазынасының қадірі де болмақ емес. Соңғы жылдары ел экономиксін жаңа бағытта дамытып, ел әлеуетін көтеруге жасалып жатқан жұмыстар да аз емес. Десек те, ел экономикасы үнемі жаңарудан етіп, жаңа бағытқа бет түзеп, қазіргі талаптарға сай болуы тиіс.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халықта үндеуі осындай жаңа, ауқымды әлеуметтік жобаларға жол ашады. Мемлекет басшысының көрегендікпен ұсынып отырған екінші бастамасы: «Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту». Бұл бастама ел жүргінен ерекше орын алып, үлкен қолдауға ие болып отыр.

Бастама аясында салыстырмалы түрде жалақысы төмен Қазақстандықтарды қолдау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап олардың салық жүктемесін 10

есеге азайтып, 1 пайыз ғана салық салу ұсынылып отыр. Ай сайын ең төменгі көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз жалақы алатындарға салынатын жеке табыс салығын азайту арқылы олардың салық жүктемесін жеңілдету көзделген. Ал осы салықты азайтудан шығатын қаржы оладың жалақысын көбейтуге жұмсалмақ. Нәтижесінде еліміздегі барша жадамалы жұмыскерлердің кемінде үштен бірінің жалақысы жұмыс берушіге салмақ салмай – ақ көбейетін болады.

Жалақысы аз әлеуметтік қолдау ретінде тұжырымдалған жоғарыдағыдай көмектің көп жеңілдік екені даусыз.



Жұмыскердің жағдайын жалақыны арттырып та көп оңалтуға болады. Бірақ, қазіргі кезде көзіміз көріп жүрген жағдай, жалақымен бірге өсетін базар бағамының тұрақсыздығы. Бұл бастама осы келенсіздіктің орын алуына жол бермейді. Жәрдемге мұқтаж жандарға жариясыз қол ұшын созумен тең болмақ. Бұл бастама көптің үмітін оятып, қазірден қолдауына ие болып отыр. Бастысы сол артылған үміттердің ақталуы.

**Г.ӘЛИЕВА,
Ы. Алтынсарин атындағы Арқа-
лық мемлекеттік педагогикалық
институтының «Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.**